

"Тоқыма өнеркәсібі" пилоттық кластерін дамытудың кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 19 тамыздағы N 858 Қаулысы

Қазақстанда өндірілетін мақта талшығының бәсекеге қабілеттілігін арттыру, ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің мақта өсіру жөніндегі тиімді қызметін ұйымдастыру, Қазақстанда өндірілетін мақта талшығының сапасын арттыру, мақта шикізатына тұрақты баға белгілеуді қамтамасыз ету, мақта-тоқыма кластерінің қызметін қамтамасыз ететін тиімді көлік жүйесін құру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі белгіленген тәртіппен 2005 жылы "Маркетингтік-талдамалық зерттеулер орталығы" акционерлік қоғамының Қазақстан Республикасында өндірілетін мақта талшығы сапасының халықаралық стандарттарын әзірлеу және енгізу жөнінде зерттеулер жүргізуін қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы, Индустрия және сауда министрліктері мақта талшығы сапасының халықаралық стандарттарын енгізу мақсатында :

1) 2005 жылғы 1 қарашаға дейінгі мерзімде Қазақстанда өндірілетін мақта талшығының сапасына міндетті сараптаманың, сондай-ақ мақта зауыттарына мақта шикізатын өткізу кезінде мақта шикізатының сапасына ерікті, тәуелсіз сараптаманың жүргізілуін көздейтін нормативтік құқықтық кесімдердің тиісті жобаларын әзірлесін;

2) 2005 жылғы 1 қазанға дейінгі мерзімде "Маркетингтік-талдамалық зерттеулер орталығы" акционерлік қоғамымен (келісім бойынша) бірлесіп, халықаралық сапа стандарттарына (практикасына) сәйкес Қазақстанда өндірілетін мақта талшығының сапасын бағалау жөнінде қызмет көрсету үшін тәжірибесі және қажетті біліктілігі бар халықаралық компанияны (тәуелсіз агенттікті) тартуға конкурс ұйымдастыруды, бұл ретте меншікті қаражаты есебінен мақта талшығының сапасын бағалау жөнінде зертханалар мен мақта талшығының сапасы бойынша ақпараттық дерекқор құруды міндетті шарт ретінде белгілей отырып, қамтамасыз етсін;

3) Қазақстан Республикасының Үкіметіне ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің мақта шикізатының және мақта талшығының сапасына сараптама жасау жөніндегі шығыстарын 2006 жылғы 1 қаңтардан бастап үш жылдық кезең ішінде республикалық бюджет қаражаты есебінен өтеу схемасы жөнінде ұсыныстар енгізсін.

3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында (бұдан әрі - еншілес акционерлік қоғам) мақта талшығын өндіру жөніндегі қазіргі заманғы моделдік зауыт құру үшін "

Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" акционерлік қоғамының жарғылық капиталын ұлғайтуға 2005 жылға арналған республикалық бюджетте кезек күттірмейтін шығындарға көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен 500000000 (бес жүз миллион) теңге бөлінсін.

Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.08.25. N 878 қаулысымен.

4. Ауыл шаруашылығы, Қаржы министрліктері "Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" акционерлік қоғамымен (келісім бойынша) бірлесіп, зауыт пайдалануға берілген сәттен бастап 1 (бір) жыл ішінде ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне еншілес акционерлік қоғам акцияларының шектеуші пакетін сатуды қамтамасыз етсін.

"Оңтүстік" арнайы экономикалық аймағында жұмыс істейтін кәсіпорындардың тиімді қызметін қамтамасыз ету үшін еншілес акционерлік қоғам акцияларын сатудың негізгі шарттары мыналар болып белгіленсін:

сатып алушыларға олар акцияларды сатып алған сәттен бастап 5 (бес) жыл кезеңге акцияларды иеліктен айыруға, кепілге салуға немесе оларға билік етудің өзге тәсілдеріне шек қою;

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген акционердің құқықтары мен міндеттері шегінде сапалы шикізаттың тұрақты жеткізілуін және мақта талшығына баға деңгейін қамтамасыз ету.

5. Көлік және коммуникация, Экономика және бюджеттік жоспарлау министрліктері Оңтүстік Қазақстан облысындағы Арыс станциясында мақтаны және басқа тауарларды контейнерлік тасымалдауды ұйымдастыру жөніндегі көлік-логистикалық орталығын дамыту мақсатында екі ай мерзімде "Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы" және "Маркетингтік-талдамалық зерттеулер орталығы" акционерлік қоғамдарының:

1) Оңтүстік Қазақстан облысындағы Арыс станциясында көлік-логистикалық орталығының қызметін жүзеге асыру үшін барлық қажетті құжаттар алуын;

2) Арыс темір жол станциясының және көлік-логистикалық орталықтың жылжымалы және локомотивтік құрамды уақтылы бөлу, халықаралық порттарға дейін баратын арнайы контейнерлік пойыздарды ұйымдастыру, тарифтік шаралармен және экспортқа шығарылатын контейнерлік тасымалдарды ынталандыру бөлігінде келісілген өзара іс-қимыл тетігін әзірлеу мен іс жүзінде енгізуді қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдасын.

6. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етсін.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК